

«УТВЕРЖДЕНЫ»

Общим собранием Палаты юридических консультантов
«Центр правовой защиты и оказания юридических услуг»
«12» мая 2023 год, протокол №1



**ПОЛОЖЕНИЕ
ОБ ОБЪЕМЕ И ПОРЯДКЕ ОКАЗАНИЯ КОМПЛЕКСНОЙ
СОЦИАЛЬНОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ ЮРИДИЧЕСКИМИ
КОНСУЛЬТАНТАМИ**

(г. Алматы, ул. Абылай хан, дом 56, офис 36)

ГЛАВА 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящее Положение об объеме и порядке оказания комплексной социальной юридической помощи юридическими консультантами разработано в соответствии с подпунктом 5) статьи 80, статьи 19 Закона РК «Об адвокатской деятельности и юридической помощи» (далее – Закон).

2. Комплексной социальной юридической помощью является оказание юридическими консультантами, в соответствии с договором, юридической помощи лицам, указанным в пункте 8 настоящего Положения, и заключается в правовом сопровождении клиента с момента его обращения за юридической помощью до принятия итогового правового решения по делу в порядке, предусмотренном законами Республики Казахстан.

3. Оказание комплексной социальной юридической помощи является одной из форм реализации социальной ответственности и осуществляется юридическими консультантами добровольно.

4. Юридические консультанты при оказании комплексной социальной юридической помощи в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Законом РК «Об адвокатской деятельности и юридической помощи», Гражданским процессуальным кодексом Республики Казахстан, Кодексом об административных правонарушениях Республики Казахстан, другими законодательными актами Республики Казахстан, а также Уставом Палаты юридических консультантов, решениями органов управления Палаты и настоящим Положением.

**ГЛАВА 2. ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ ОКАЗАНИЯ КОМПЛЕКСНОЙ
СОЦИАЛЬНОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ**

5. Комплексная социальная юридическая помощь оказывается в целях:

1) содействия осуществлению прав и свобод граждан, защиты их законных интересов, повышения уровня социальной защищенности граждан и обеспечения их доступа к правосудию;

2) правового просвещения и повышения уровня правовой культуры населения.

6. Задачами комплексной социальной юридической помощи являются:

1) оказание бесплатной юридической помощи лицам, имеющим право на ее получение в соответствии законодательством Республики Казахстан и настоящим Положением;

2) проведение комплекса мероприятий по правовому просвещению граждан и социально-ориентированных некоммерческих организаций.

ГЛАВА 3. ПОРЯДОК ОКАЗАНИЯ КОМПЛЕКСНОЙ СОЦИАЛЬНОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ

7. Субъектами оказания комплексной социальной юридической помощи являются юридические консультанты, осуществляющие профессиональную деятельность через юридические консультации, юридические фирмы или индивидуально.

8. Комплексная социальная юридическая помощь может оказываться:

1) лицам, нуждающимся в специальных социальных услугах, в соответствии с законодательством Республики Казахстан о социальной защите;

2) лицам, имеющим право на адресную социальную помощь;

3) участникам Великой Отечественной войны и лицам, приравненным по льготам к участникам Великой Отечественной войны;

4) ветеранам боевых действий на территории других государств;

5) лицам с инвалидностью первой и второй групп;

6) пенсионерам по возрасту;

7) престарелым и лицам с инвалидностью, проживающим в центрах оказания специальных социальных услуг;

8) лицам, в одиночку воспитывающим детей с инвалидностью либо имеющих на попечении совершеннолетних лиц с инвалидностью.

9. При обращении за оказанием комплексной социальной юридической помощи лицо представляет документы, удостоверяющие личность и подтверждающие принадлежность к соответствующей группе, предусмотренной пунктом 8 настоящего Положения.

ГЛАВА 4. ОБЪЕМ ОКАЗАНИЯ КОМПЛЕКСНОЙ СОЦИАЛЬНОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ

10. Комплексная социальная юридическая помощь не оказывается по спорам, связанным с предпринимательской деятельностью в рамках гражданского судопроизводства.

11. Комплексная социальная юридическая помощь может оказываться в виде:

1) правового информирования;

2) правового консультирования;

3) совершения иных правовых действий для защиты прав и законных интересов лиц, обратившихся за безвозмездной юридической помощью, во взаимодействии с любыми лицами, являющимися участниками действующих или возможных правоотношений с лицом, обратившимся за помощью.

12. Объем добровольно оказываемой комплексной социальной юридической помощи определяется ее субъектами самостоятельно.

ГЛАВА 5. СТИМУЛИРОВАНИЕ ЮРИДИЧЕСКИХ КОНСУЛЬТАНТОВ К ОКАЗАНИЮ КОМПЛЕКСНОЙ СОЦИАЛЬНОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ

13. Палата юридических консультантов вправе стимулировать юридических консультантов к оказанию комплексной социальной юридической помощи путем:

1) не материальных способов поощрения (благодарственные письма, почетные грамоты, размещение статей юридических консультантов за счет территориальной палаты, размещение на доску почета лучших юридических консультантов);

2) публикации в средствах массовой информации или социальных сетях дел практику оказания юридическими консультантами комплексной социальной юридической помощи;

3) размещение на интернет-ресурсах Палаты юридических консультантов и Ассоциации палат юридических консультантов Республики Казахстан информации об юридических консультантах, принимающих активное участие в развитии системы комплексной социальной юридической помощи;

4) иные способы, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

14. Внесение значительного вклада в оказание комплексной социальной юридической помощи стимулируется государством в порядке, утверждаемом Правительством Республики Казахстан.

«Құқықтық қорғау және заңды қызмет
көрсету орталығы» заң консультанттары
палатасының жалпы жиналысымен
2023 жылғы «12» мамыр №1 хаттама

«БЕКТІЛДІ»



КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ КӨЛЕМІ МЕН ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

(Алматы қ., Абылай хан к-сі, 56 үй, 36 кеңсе)

1 -БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Заң консультанттарының кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібі туралы Осы Ереже «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 80-бабының, 19-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген тұлғаларға клиентті заң көмегін сұрап өтініш жасаған кезінен бастап Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен іс бойынша қорытынды құқықтық шешім қабылданғанға (құқықтық жағдай шешілгенге) дейін құқықтық қолдап отыруды білдіретін өтеусіз заң көмегін шартқа сәйкес көрсету кешенді әлеуметтік заң көмегі болып табылады.

3. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету әлеуметтік жауапкершілікті іске асыру нысандарының бірі болып табылады және заң консультанттарымен ерікті түрде жүзеге асырылады.

4. Заң консультанттары өз қызметінде кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР Заңын, Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексін, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін, сондай-ақ заң консультанттары палатасының Жарғысын, палатаның басқару органдарының шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

2-БӨЛІМ. КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5. Кешенді әлеуметтік заң көмегі:

1) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу, олардың заңды мүдделерін қорғау, азаматтардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру және олардың сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ету;

3) құқықтық ағарту және халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру мақсаттарында жүзеге асырылады.

6. Кешенді әлеуметтік заң көмегінің міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес оны алуға құқығы бар адамдарға тегін заң көмегін көрсету;
- 2) азаматтарды және әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдарды құқықтық ағарту жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу.

3-БӨЛІМ. КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

7. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету субъектілері заң консультациялары немесе заң фирмалары арқылы өз қызметін жүзеге асыратын немесе жеке-жеке кәсіби қызметті жүзеге асыратын заң консультанттары болып табылады.

8. Кешенді әлеуметтік заң көмегі мыналарға:

- 1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарға;
 - 2) атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға;
 - 3) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға;
 - 4) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;
 - 5) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;
 - 6) жасына байланысты зейнеткерлерге;
 - 7) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға;
 - 8) мүгедектігі бар балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған не қамқорлығында кәмелетке толған мүгедектігі бар адамдары бар адамдарға көрсетілуі мүмкін.
9. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге жүгінген кезде тұлға жеке басын куәландыратын және осы Ереженің 8-тармағында көзделген тиісті топқа жататынын растайтын құжаттарды ұсынады.

4-БӨЛІМ. КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ КӨЛЕМІ

10. Кешенді әлеуметтік заң көмегі азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша көрсетілмейді.

11. Кешенді әлеуметтік құқықтық көмек келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

- 1) құқықтық ақпарат беру;
- 2) құқықтық консультация беру;
- 3) қолданыстағы немесе ықтимал құқықтық қатынастардың кез келген қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасай отырып, тегін заң көмегіне жүгінгендердің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін басқа да құқықтық іс-әрекеттер жасау.

12. Ерікті түрде көрсетілетін кешенді әлеуметтік заң көмегінің көлемін оның субъектілері дербес айқындайды.

5-БӨЛІМ. КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУГЕ ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫН ҢНТАЛАНДЫРУ

13. Заң консультанттары палатасы заң консультанттарын кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге ынталандыруға құқылы:

1) көтермелеудің материалдық емес тәсілдерін қолдану (алғыс хаттар, құрмет грамоталары, Аумақтық палата есебінен заң консультанттарының мақалаларын орналастыру, үздік заң консультанттарын құрмет тақтасына орналастыру);

2) бұқаралық ақпарат құралдарында немесе әлеуметтік желілерде Заң консультанттарының кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету практикасын жариялау;

3) Қазақстан Республикасының заң консультанттары палатасының және заң консультанттары палаталары қауымдастығының интернет-ресурстарында кешенді әлеуметтік заң көмегі жүйесін дамытуға белсенді қатысатын заң консультанттары туралы ақпаратты орналастыру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдер.

14. Мемлекет кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосуды ынталандырады.